

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік

кеңес

отырысында

Хаттама

№ 1 «01» 09 2023ж

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі _____ М.К.Сарина

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

М.К. М.К.Каргатаева

« 01 » 09 2023ж

БЕКІТЕМІН

«Балбөбек» бөбекжайы КМҚК

менгерушісі

К.Д.Бақтыбаева

« 01 » 09 2023ж



**Коммуникативтік дағдыларды дамыту
«Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет» бөлімі бойынша
«Мамандықтың бәрі жақсы»
Вариативтік компонент
2023ж – 2026ж**

Құрастырған: тәрбиеші
Салғиева Майгүл Таніберліқызы

Ақадыр кенті

МАЗМҰНЫ

Титулдық бет	1
Авторлық бағдарлама мазмұны	2
Рецензия	3
Түсінік хат, өзектілігі.....	4-5
Максат, міндет, күтілетін нәтиже.....	6
Әдіс – тәсіл түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары	7
Бағдарламаның тақырыптық жоспары	9-11
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	12
Қосымшалар.....	13-29

РЕЦЕНЗИЯ

Бөбекжай тәрбиешісі Салғиева Майгүл Тәніберліқызы өте еңбекқор, жан – жақты іздену үстінде жүретін, жанашыл педагог. Бөбекжайда 2015 жылдан бастап қызмет етеді. Осы мекемеде еңбек өтілі 9 жыл.

«Мамандықтың бәрі жақсы» авторлық бағдарламасы балабақшаның мектепалды даярлық тобына арналған «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» дағдысы бойынша жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу және тереңдетудегі көмекші құрал.

Осы бағдарламаны оқып, танысу барысында біздің бөбекжай әкімшілігі бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады:

- еңбек іс - әрекетінің барысында тәрбиеленушілердің дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру;
- мамандық иелерімен және олардың еңбегімен таныстыру және болашақта мамандық таңдауға дайындау;
- мамандық таңдаудың негізгі шарттарын танып біледі;
- өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелейді;
- еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге тәрбиеленеді;
- өз ойларын еркін және толық жеткізе білуге, ауызекі сөйлесе білуге дағдыландырады;
- әрбір бала үшін жетістік қажет ету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асырады;

Бағдарламадағы дамытушы ойындар мен тапсырмалар қазіргі әдіс – тәсілдерге сай алынған. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, мақал - мәтелдер, әртүрлі тапсырмалар, ертегілерді сахналау кіріктірілген, осы тапсырмалар арқылы балалардың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары , баланың тілін ширатып, ой – өрісін кеңейтеді.

Жоғарғы аталған қорытындыға келе отырып, «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК әкімшілігі оқу – әдістемелік кешенді жасау кезінде Салғиева Майгүл Тәніберліқызы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы , «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып жасағанына толығымен келісемін.

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі

Қ.Д.Бактыбаева

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

М.К.Сарина

Түсінік хат

Бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі - жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Еңбекке тәрбиелеу, еңбекке қызығушылығын арттыру балабақшада негіз болып қаланады. Балабақшадағы оқу іс - әрекеті еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік берумен, тәрбиеленушілердің еңбек етуге қызығушылықтарын дамытумен, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуден басталады. Еңбекке баулудың өзіндік ерекшелігі - оның ойынмен тығыз байланысты болуы. Олардың ойыны мен еңбегін ажырату қиын, өйткені алғашқы еңбек әрекетінің қарапайым элементі ойыннан басталады. Бала ойын кезінде қандай болса, есейгенде жұмыс орнында сондай болады. Сондықтан бала ойнаған кезде қадағалап, ойынына мән беру керек. Баланың ойыны арқылы отбасындағы беріп жатқан тәрбиесі қандай екенін аңғаруға болады және қандай маман иесі екенін білуге болады. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс - әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға дайындау. Балалардың отбасынан алған тәрбиесін балабақша толықтырады. Балабақшада балалар еңбектенудің жан - жақты сатысынан өтеді. Тұрмыстық - шаруашылық еңбектен басқа өзіне - өзі қызмет ету, кезекшілік (топ бөлмесін, учаскені тазалау). Бұл - баланы еңбексүйгіштікке даярлайтын ерекше іс - әрекет. Үлкендер баланың күш жұмсап, еңбектенуін талап етеді. Осы іс - әрекетке жаттығу баланың бұлшық етімен жүйкесінің дамуына, белгілі бір дағдының қалыптасуына мүмкіндік тудырады. Сәбилік кезеңінен бастап өзіне - өзі қызмет етуге (өздігінен киінуге, шешіну, төсегін жинау) үйрету, дағдыландыру дербестікке, тазалық пен реттілікті қажетсінуге,

мәдени - гигиеналық талаптарды саналы орындауға баулиды. Сонымен бірге балабақша қызметкерлерінің еңбектерімен танысады.

Балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы (шаруашылық меңгерушісі, тәрбиеші, бала күтуші, аспаз, аула сыпырушы, жүргізуші, медбике, тігінші) ұғымдарын қалыптастыру. Яғни асханаға, дәрігер бөлмесіне, кір жуатын бөлмелерге саяхат жасату арқылы үлкендердің еңбегімен таныстыру.

Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды (жүргізуші азық - түлікті балабақшаға әкелді, шаруашылық меңгерушісі оны қабылдап алып, асханаға берді, аспаз асты дайындады, көмекші тамақты топқа әкеліп, балаларды тамақтандырды) байқауға үйрету. Балабақша қызметкерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Өзектілігі: Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта - ықыласын көрсетуді қолдау. Еңбекке қызығушылығын арттырып, жағымды көзқарас тудыру. Өз - өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу. Еңбекке баулу, кәсіптік бағдар беру арқылы, болашақта қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеу.

Мақсаты: Әр түрлі мамандық иелері мен олардың еңбегінің ерекшеліктері, маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету, жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- мамандық иелерімен және олардың еңбегімен таныстыру;
- мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту;
- мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға;
- еңбек қуанышын сезінуге;
- өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу;
- еңбек құрал - жабдықтарымен жұмыс істей білуге үйрету;
- ұқыптылыққа, шыдамдылыққа дағдыландыру;
- еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- Еңбектің қажеттілігін түсінеді.
- Еңбек қызметі барысында балалардың бейімділігі қалыптасады.
- Еңбекке деген қызығушылығы артады.
- Кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі.

Әдіс – тәсіл түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары:

- * Әңгімелеу
- * Сұрақ – жауап
- * Дидактикалық ойындар
- * Мақал – мәтелдер сайысы
- * Жұмбақтар
- * Слайд көрсету
- * Мультфильм көрсету
- * Ертегіні сахналау
- * Сюжеттік - рөлдік ойындар
- * Қимылды ойындар

- Сөйлеуді дамыту
- Көркем әдебиет
- Қоршаған ортамен таныстыру
- Сурет салу
- Жапсыру
- Мүсіндеу

Бағдарламаның тақырыптық жоспары
2023 – 2024 оқу жылы

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні, айы, жылы
1	«Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» (слайд көрсету)	1	06.09.2023
2	«Кім не істейді?» (дидактикалық ойын)	1	13.09.2023
3	«Менің маман- дәрігер» Ә.Мұсаханов (өлеңін оқу)	1	20.09.2023
4	«Емхана» (сюжетті рөлдік ойын)	1	27.09.2023
5	« Дәрігер бөлмесіне саяхат»	1	04.10.2023
6	« Әке мен бала» Ы.Алтынсарин (мультфильм көрсету)	1	11.10.2023
7	«Жарқын жүзді ұстазым» Ш.Смаханұлы (слайд көрсету)	1	18.10.2023
8	«Менің алғашқы кітабым» (бөбек кітапшасын жасау)	1	01.11.2023
9	« Кітапханашы» (сюжетті рөлдік ойын)	1	08.11.2023
10	«Аспазшы» (сюжетті рөлдік ойын)	1	15.11.2023
11	«Менің анамнан нан иісі шығады» В.Сухомлинский (әңгімелеу)	1	22.11.2023
12	« Қайдан келдің бауырсақ?» (ертегіні сахналау)	1	29.11.2023
13	«Қонжық ботқаны қалай пісірді?» (ертегіні әңгімелеу)	1	06.12.2023
14	«Көңілді қонжық» (қағаздан қонжықты бейнелеу)	1	13.12.2023
15	«Көйлекті маған кім берді?» (ертегіні сахналау)	1	20.12.2023
16	«Тігінші бөлмесіне саяхат»	1	27.12.2023
17	«Қуыршаққа көйлек тігейік» (матадан көйлекті бейнелеу)	1	03.01.2024
18	«Бұл қай маман иесі?» (жұмбақ сайысы)	1	10.01.2024
19	«Қонжық қалай балық аулаған» Т.Куликовская (әңгімелеу)	1	17.01.2024
20	«Алтын балық» (бейне қиып, дәндермен жапсыру)	1	24.01.2024
21	«Шаштаразшы» Т. Елеусізұлы (өлең оқу)	1	31.02.2024
22	«Шаштараз» (сюжетті рөлдік ойын)	1	07.02.2024
23	«Еңбек туралы қанатты сөздер».(слайд көрсету)	1	14.02.2024
24	«Еңбекқор құмырсқа» (ермексаз, тіс шұқығыш)	1	21.02.2024
25	«Анама арналған моншақ»(түйме, жіп)	1	28.02.2024
26	«Кімге не қажет?» (дидактикалық ойын)	1	06.03.2024
27	«Мамандықтар тізбегі» (қимылды ойын)	1	13.03.2024
28	«Ғарыш әлеміне саяхат» (слайд көрсету)	1	20.03.2024
29	«Зымыран» (картон, түсті қағаз)	1	27.03.2024
30	«Кішкентай бағбан» М.Төрежанов(әңгімелеу)	1	03.04.2024
31	«Еңбек түбі – зейнет» (мақал- мәтелдер сайысы)	1	10.04.2024
32	«Біз құрылысшылармыз» (сюжетті рөлді ойын)	1	17.04.2024
33	« Жаңа үйді кім тұрғызды?» (слайд көрсету)	1	24.04.2024

34	«Шофер аға» Ж.Қадыров (өлең оқу)	1	15.05.2024
35	«Көңілді автобус» (түсті қағаздан бейнелеу)	1	22.05.2024
36	«Менің болашақ мамандығым» (ойдан шыққан әңгіме)	1	29.05.2024
Барлығы:		36 сағат	

**Бағдарламаның тақырыптық жоспары
2024 – 2025 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні, айы, жылы
1	Еңбек – түбі береке» (әңгімелеу)	1	05.09.2024
2	«Ойын – еңбектің алғашқы баспалдағы»	1	12.09.2024
3	Жемістерді жинаймыз (дидактикалық ойын)	1	19.09.2024
4	«Нан дастарханға қалай келеді?» (мульттоптама көрсету)	1	26.09.2024
5	«Мен көмекшімін» (үй тапсырмасы , видеоролик жасау)	1	03.10.2024
6	«Кім не істейді?» (дидактикалық ойын)	1	10.10.2024
7	«Мақал - сөздің азығы , жұмбақ – ойдық қазығы» (сайыс)	1	17.10.2024
8	«Біз асханада қонақта» (саяжат)	1	24.10.2024
9	«Аспазшы» (сюжетті рөлдік ойын)	1	31.10.2024
10	«Сырлы саусақтар» (көрме ұйымдастыру)	1	07.11.2024
11	«Мамандығым – мақтанышым» (дөңгелек үстел)	1	14.11.2024
12	«Шалқан» (ертегіні сахналау)	1	21.11.2024
13	Бүгін өзімді не үшін мақтар едім? (үй тапсырмасы)	1	28.11.2024
14	«Досыма сый» (қағаздан бейнелеу)	1	05.12.2024
15	«Әке мен бала» (мульттоптама көрсету)	1	12.12.2024
16	«Дәрігер бөлмесіне саяхат»	1	19.12.2024
17	«Емхана» (сюжетті рөлдік ойын)	1	26.12.2024
18	«Бұл қай маман иесі?» (жұмбақ сайысы)	1	09.01.2025
19	«Мен жасай аламын» (альбомдар, буклеттер жасау)	1	16.01.2025
20	«Кім боламын?» (сайыс ұйымдастыру)	1	23.01.2025
21	Қамшы өруді үйренеміз (әкелер мектебі)	1	30.02.2025
22	«Пошташы» (сюжетті рөлдік ойын)	1	06.02.2025
23	«Еңбек туралы қанатты сөздер» (слайд көрсету)	1	13.02.2025
24	«Еңбекқор құмырсқа» (ермексаз, тіс шұқығыш)	1	20.02.2025
25	«Киіз басып үйренеміз» (әжелер мектебі)	1	27.02.2025
26	«Кімге не қажет?» (дидактикалық ойын)	1	6.03.2025
27	«Мамандықтар тізбегі» (қимылды ойын)	1	13.03.2025
28	«Ғарыш әлеміне саяхат» (слайд көрсету)	1	20.03.2025

29	«Зымыран» (картон, түсті қағаз)	1	27.03.2025
30	«Бұзау бақтым» (әңгімелеу)	1	03.04.2025
31	«Адамды адам еткен - еңбек» (слайд көрсету)	1	10.04.2025
32	«Құрылысшы» (сюжетті рөлді ойын)	1	17.04.2025
33	«Бір уыс мақта» (әңгімелеу)	1	24.04.2025
34	Пияз отырғызамыз (еңбекке баулу, бақылау жасау)	1	08.05.2025
35	«Шаш өруді үйренеміз» (аналар мектебі)	1	15.05.2025
36	«Менің болашақ мамандығым» (ойдан шыққан әңгіме)	1	22.05.2025
Барлығы:		36 сағат	

**Бағдарламаның тақырыптық жоспары
2025 – 2026 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні, айы, жылы
1	Мамандық әлеміне саяхат (мамандық түрлерімен таныстыру)	1	04.09.2025
2	«Жапырақты жинаймыз» (ойын арқылы еңбекке баулу)	1	11.09.2025
3	«Мен өскенде кім боламын?» (әңгімелеу)	1	18.09.2025
4	Еңбек туралы ұлы ғұламалардың сөздері (жаттау)	1	25.09.2025
5	«Ғажайып қоржын» (еңбек құралдарын атау)	1	02.10.2025
6	«Мамандық иелерінің құралдарын тап»» дидактикалық ойын	1	09.10.2025
7	«Жан қорғаны – дәрігер» (бейне фильм көрсету)	1	16.10.2025
8	«Емхана» (сюжетті рөлді ойын)	1	23.10.2025
9	«Сықырлы музыка әлемі» (мен сазгер боламын)	1	30.10.2025
10	«Шебер қолдар» (көрме ұйымдастыру)	1	06.11.2025
11	«Ұстаз – ұлы тұлға» (дөңгелек үстел)	1	13.11.2025
12	«Дұрыс және бұрыс ойыны» (қимылды ойын)	1	20.11.2025
13	«Мен көмекшімін» (үй тапсырмасы)	1	27.11.2025
14	«Еңбек құралдары» (ермексаздан мүсіндеу)	1	04.12.2025
15	Сықырлы сандық (сурет бойынша әңгіме құрастыру)	1	11.12.2025
16	«Тігінші бөлмесіне саяхат»	1	18.12.2025
17	«Қуыршаққа арналған моншақ» (асықтан моншақ жасау)	1	25.12.2025
18	«Бұл қай маман иесі?» (жұмбақ сайысы)	1	08.01.2026
19	«Құрылысшы» (сюжетті рөлдік ойын)	1	15.01.2026
20	«Қандай мамандық?» (пазл құрастыру)	1	22.01.2026
21	Қамшы өруді үйренеміз (әкелер мектебі)	1	29.02.2026
22	«Кімге не қажет?» (қыстырғыштармен ойын)	1	05.02.2026
23	«Ойлан, тап!» (қимыл арқылы маман иесі көрсетіледі, қай маман иесі екенін табу)	1	12.02.2026

24	«Кім не істейді?» (сызба арқылы көрсету)	1	19.02.2026
25	«Әдемі текемет» (әжелер мектебі)	1	25.02.2026
26	«Анаман арналған сый» (кесте тігу)	1	04.03.2026
27	«Шаш өруді үйренеміз» (аналар мектебі)	1	11.03.2026
28	«Ферма» дидактикалық ойыны	1	18.03.2026
29	«Кім қандай көлікпен келді?» (сызба арқылы белгілеу)	1	25.03.2026
30	«Мен ғарышкер боламын» (аспан әлемі ғажайыптары)	1	02.04.2026
31	«Мен суретші боламын» (құмда ою - өрнектерді бейнелеу)	1	09.04.2026
32	«Құрылысшы» (сюжетті рөлді ойын)	1	16.04.2026
33	«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	1	23.04.2026
34	Бөлме гүлдерін баптаймыз (еңбекке баулу, күтім жасау)	1	07.05.2026
35	«Мамандықтар тізбегі» (қимылды ойын)	1	14.05.2026
36	«Арман гүлі» ойыны (менің болашақ мамандығым)	1	21.05.2026
Барлығы:		36 сағат	

Қорытынды

Қорыта айтар болсақ еңбек тәрбиесі - мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы.

Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеу- тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі.Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп жасына дейінгі балалардың болашақта қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновациялық және қазіргі заманғы технологиялар. Қарағанды 2015ж
2. Заманауи мектепке дейінгі білім. Қарағанды 2016ж
3. Мектепке дейінгі білім берудегі ұлттық - аймақтық компонент. Қарағанды 2013ж
4. Бала мен балабақша. 2017ж №4
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін «Қарлығаш» оқу бағдарламасы. «Арман-ПВ» баспасы 2009
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚР БҒМ 2018ж
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР БҒМ 2012ж
8. Тіл дамытудың ғажайып әлемі. Хрестоматия. Аруна баспасы
9. Отбасы және балабақша. 2016ж №5
10. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы №194 30.07.2024ж

ҚОСЫМШАЛАР

1. «Менің мамам – дәрігер» Ә.Мұсаханов

Тіс ауырса,
Іш ауырса,
Мамам дәрі береді.
Барлық ана,
Барлық бала,
Оны жақсы көреді.

2. «Жарқын жүзді ұстазым» Ш.Сымаханұлы

Келгенімде алдыңа
Қызыл-арай гүл алып,
Жақын тарттың жаныңа,
"Шәкіртім" деп қуанып.
Сипадың да басымнан,
Әліппені ұсындың.
Бақытымның осыдан
Басталғанын түсіндім.

3. «Қайдан келдің бауырсақ?» Ө.Тұрманжанов

Дастарқанға шашалып,
Жатты аппақ бауырсақ.
Бауырсаққа қызып,
Қарап тұрды көзін сап,
-Қайдан келдің бауырсақ?-
-деп сұрады қуыршақ.
-Дүкеннен келдім нан сатқан,-
деді оған бауырсақ.
-Дүкене келдің қай жақтан?
-Наубайдан келдім нан жапқан
-Наубайға келдің қай жақтан?
-Диірменнен келдім ұн тартқан.

-Диірменге келдің қай жақтан?

-Даладан келдім кең жатқан.

Жер –анам менің көсілген,

Диқандар мені өсірген.

4. «Шофер аға» Ж.Қадыров

Бірде қырға шабады,

Бірде тауға барады.

Ағам дамыл таппайды,

Қашан демін алады?

Түн демейді түнді де,

Күн демейді күнді де

Шаршадым деп айтпайды,

Шофер ағам, білдің бе?

Шалғын өссе сайларда,

Гүл қауласа тауларда,

Машина мен біздерді,

Апарады жайлауға.

5. «Әке мен бала» Ы.Алтынсарин

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

-Анау тағаны, балам, ала жүр, - деп. Бала әкесіне:

-Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, - деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие,

сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең - көптен де құр боласың, - деді.

6. «Менің анамнан нан иісі шығады» В.Сухомлинский

Бірде балабақшаға бес жасар екі баланы аналары алып келді. Олар бір-бірімен танысты.

-Сенің анаң қайда жұмысжасайды?

-Қалай, сен байқамадың ба? Одан дәрі иісі шығады ғой. Менің анам -дәрігер. Адамдар ауырса, оларды емдейді. Дәрігерсіз адамдар өмір сүре алмайды ғой. Ал сенің анаң қандай жұмыс істейді?

- Сен оны байқамадың ба? Одан нанның иісі шығады. Менің анам-наубайшы.Ол адамдарды тамақтандырады. Нансыз ешкім де өмір сүре алмайды.

-Дәрігер де өмір сүре алмай ма?

-Иә, нансыз дәрігер де өмір сүре алмайды.

7. «Қонжық ботқаны қалай пісірді?» Т.Куликовская

Ана аю үлкен қазанға жарманы салып, су құйып, оны отқа қойды. Ботқа үлкен ыдыста иісі бұрқырап қайнай бастады.

Қонжық үлкен қасықты алып, ботқа күйіп кетпеу үшін оны араластырды. Ботқаның дәмді иісі бүкіл апанды алып кетті.

Қонжық түскі астың дәмін тезірек татқысы келді.

-Сен шебер ботқа пісірушісің! – деп ана аю баласына мейірлене айтты.

-Мен ботқа пісіруші боламын! Ініме ботқа пісіріп беремін! –деп қонжық тарелкаларға ботқаны салды.

Мен ініме ботқа пісіремін,
Дайын болғанда түсіремін.

Мен – ботқа шебері,

Дәмін тат, кел, бері!

9. «Кішкентай бағбан» М.Төрежанов

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар құмырсқалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

– Садық, жүр ойнайық,- деді.

– Менің жұмысым көп,- деп жауап берді Садық.

– Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады. Ойнаған өте көңілді емес пе?

Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады. Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді. Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді. Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жеміс-жидектерді тойып жеп алып:

– Қазір мен барлығын да жеп тауысамын, ештеңе қалмайды,- деді.

– Қалады. Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» деген,- деді Садық.

10. «Қонжық қалай балық аулаған. Т.Куликовская

Көктемде айналадағы қардың барлығы еріп кетті. Аю мен қонжық өзен жағасына серуендеп қайтпақ болды. Су түбінде балық көп екен.

Аю баласына балық ұстап жеуді үйретті. Қонжық ебедейсіз қимылдап, бар балықты шошытты. Әзер дегенде бір кішкене балықты ұстап алды.

-Жарайсың! Сен енді нағыз балықшы болдың! – деп, мақтады аю.

-Балықшы деген кім? – деп, сұрады қонжық таңдана.

-Балықшы деп, балық аулайтындарды айтады, - деді анасы.

-Балық ұстаған қандай тамаша! – деді де қонжық өзен жағалай жүгіріп кетті.

Балық аулап балықшы,

Елге азық береді.

Сазан, шортан, майшабақ –
Еңбекпенен келеді.

11. «Шаштаразшы» Т.Елеусізұлы

Емес оның жәй ісі,
Қолда қайрақ – қайшысы.
Көкемнің бес саусағы,
Шашты қырқып тауысады.
Көкем тұрған бұл үйдің –
Мекеніндей сән – күйдің.
Шаш түзеуге сан келіп,
Шыққандар көп сәнденіп.

12. «Бір уыс мақта» Ы.Алтынсарин

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп.

Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? - деп сұрады.

Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

Еңбек туралы мақал- мәтелдер

Еңбегі ештің күні кеш, тұзы сор.

Еңбегі аздың өнбегі аз.

Еңбегі көптің өнбегі көп.

Еңбегімен ер сыйлы,

Өнбегімен жер сыйлы.

Еңбегіне қарай — құрмет,

Жасына қарай — ізет.

Еңбегің болмаса елге өкпелеме,

Ықтасың болмаса желге өкпелеме.

Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады.

Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады.

Еңбегің сайлы болса, ішің майлы болар.

Еңбегің өнімді болса, көңілің сенімді болар.

Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін,

Жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін.

Еңбек ептілікті сүйеді.

Еңбек ер атандырады.

Еңбек ердің көркі,

Ер елдің көркі.

Еңбек ердің санаты,
Білім ердің қанаты.

Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

Еңбек еткен — мұратқа жеткен.

Еңбекке ебі жоқтың елдікке себі жоқ.

Еңбекке жастан, өнерге бастан.

Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады,
Еріншек ұйқыдан қирап тұрады.

Қолы қимылдағанның
Ауызы қимылдар.

Еңбегің сайлы болса,
Ішің майлы болар.

Еңбек ет те мақтан,
Ойнап-күл де шаттан.

Еңбек — ширатады.
Өмір — үйретеді.

Елің сені елесе,
Еңбегіңнің жанғаны,

Елің сені шенесе,
Көз қырына алғаны.

Еңбекпен ер өседі,
Егізден төл өседі.

Бақыт кілті- еңбекте.

Ұйқы тынықтырады,
Жұмыс шынықтырады.

Ағаш- жемісімен құнды,
Адам- ісімен сыйлы.

Күшіңе сенбе, ісіңе сен.

Көп көрген- нұсқа, көп істеген ұста.

Сабыр мен еңбек бәрін жеңбек.

Бітер істің басына, жақсы келер қасына.

Еңбек адамның көркі,
Адам заманның көркі.

Еңбек- ата, жер- ана.

Еңбек етпей елге өкпелеме,
Егін екпей жерге өкпелеме.

Мамандық иелері туралы жұмбақтар

Өрнектеп, сәндеп,
Тігістерін бүтетін.
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін?

(Тігінші)

Қалпағы ақ қарасаң,
Дәрігер емес, бірақ ол.
Дәм мәзірін қаласаң,
Алға ұсынып тұрады ол.

(Аспазшы)

Айдында жүзеді,
Тірі күміс сүзеді.

(Балықшы)

Алатаяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен,
Ысқырығы күшті адам.

(Полиция қызметкері)

Жасыл желек көгалда,
Бірде артқа,
Бірде алға,
Желаяқ көп бала,
Таласып жүр бір шарға.

(Футболшылар)

Күміс қанат, сұңқары,
Көкке еркін сүңгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Кеткен жанды кім дейді?

(Ұшқыш)

Жалтылдап қалағы,
Салатын кім қаланы?
(Кірпіш қалаушы)

Өскен шашты жаратпайтын,
Қайшысы бар жалақтайтын.
(Шаштараз)

Дабылға тез жететін,
Жалынға сүңгіп кететін.
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім,
Жасқанбайтын батыр кім?
(Өрт сөндіруші)

Еңбек туралы ұлы ғұламалардың қанатты сөздері

Берекені көктен тілеме- еткен еңбектен тіле.

Мұхтар Әуезов

Еңбек шыққан жерден- төзім де шығады.

Күшіңе сенбе- адал ісіңе сен.

Мұхтар Әуезов

Өмір бойы құмырысқадай қыбырлап еңбек еткен адам дүниеге түсініктілікпен қарайды. Осы жолда өз ой- күшін, қуатын сарп етеді де, өмірді өз тағынан құлатпайды.

Ғабит Мүсірепов

Баланың мал табары болады, мал шашары болады.

Өзің мал таба алмасаң- балаң мал тапсын.

Абай Құнанбаев

Өзің үшін еңбек қылсаң- өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң- алланың сүйген құлының бірі боласың.

Абай Құнанбаев

Биік мансап- биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.

Абай Құнанбаев

Қолдан келмес іске ұмтыл- азат басың болсын құл.

Абай Құнанбаев

Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін.

Абай Құнанбаев

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы секілді тез суалар.

Абай Құнанбаев

Адамзатқа тірлік- дәулет.

Еңбек ет, өзінді, отбасыңды асыра, бала- шағанның қамын ойла- өзіңе де
жақсы, үкіметке де жақсы.

Абай Құнанбаев

Ерінбегеннің еңбегі жанар

Майлықожа Сұлтанқожа ұлы

Үйрену мен жаттығу да – еңбек.

Сағат Әшімбаев

Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жарамайды қатты болу тікенектей.
Білімің болсадағы ұшан- теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Шал Құлекеұлы

Сюжеттік - рөлдік ойындар

1.«Мұғалім» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты: Балалардың мектепке, мұғалімнің әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу. Баланың әлеуметтік белсенді саласын және оның ересектер мен балалардың түрлі позицияларда (мұғалім-оқушы) орын алатын мүмкіндіктерін айтып мектеп тіршілігі туралы ұғымын кеңейту.

Шарты: Балалар өздігінен рөлдерді бөлісіп, өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етеді. Ойдағы жағдаятты түсініп, соған сәйкес қимылдар жасайды.

2. «Дәрігер» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты: Балаларға өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Ойын кезінде ақ халатты абзал жандардың игі еңбегіне деген балалардың сүйіспеншілігін арттыру.

Дәрігердің сезімталдығы мен кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты жақсы қасиеттерін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Шарты: Кім дәрігер, кім медбике, кім емделуші екенін бөлісіп алу керек. Дәрігерге қажетті құрал жабдықтарды дайындау.

3. «Тігінші» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты: Тігінші, сәңгер, үлгішінің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу, олардың ұжымдық еңбегі бір адамның ұқыптылықпен еткен еңбегі екіншісінің жұмысына байланысты екендігі туралы ұғымдарын кеңейту. Диалогпен сөйлеуін дамыту.

Шарты: Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді.

Бір бала өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды.

Екіншісі қайшысын алып қиып, тігіп береді, ал келесі бала көйлекті үтіктеп береді. Бір-бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды.

4.«Құрылысшы» сюжеттік - рөлдік ойын

Мақсаты:Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін түсіндіру.Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.

Шарты: Ойын жоспарларын құру,сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып, келісіммен берілген рөлдерді бөлісіп ойнау. Балалардың тілдік мәнерлігін, шығармашылығын, айналаны қоршаған ортамен ойын арқылы жүзеге асыру.

5.«Аспазшы» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты:Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға ас дайындаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге тәрбиелеу.

Шарты: Балаларға рөлдерді бөлуге және рөлдері бойынша әрекет етуге көмектесу, өз беттерімен қажетті азық- түлікті дайындау.Балаларды қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында кеңінен қолдануға ықпал ету.

6.«Шаштараз» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты:Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.

Шарты: Балалар өз еріктерімен рөлдерді бөлісіп алады.Біреуі шаш үлгісін жасаса, енді біреуі шаштарын әдемілеуге келген клиенттің рөлінде болғанды ұнатады. Ойынға қажетті құрал- жабдықтарды дайындау.

7.«Сатушы» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты:Балаларға дүкен, сатушы , тұтынушы туралы мағлұмат беру.

Дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық- түлік, ойыншық, киімдер, ыдыстар т.б. ақшаға алынатыны туралы түсіндіру.Балалардың сөздік қорларын молайту, қызығушылығын кеңейту.Адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Шарты:Балаларды алдымен дүкенмен таныстыру. Онда сатушы болатынын айтып түсіндіру. Содан соң бір бала сатушы болса, ал қалған балалар сатып алушылар болатынын айту.Дүкенші өз формасын киеді.

8. «Пошташы» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты: Балаларды достыққа, ізгілікке тәрбиелеу

Қажетті атрибуттар: пошташының қалпағы, сөмкесі; пошта жәшігі.

Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға: «Қазір бір - біріңе хат жазасыңдар» , - деп хабарлайды. Ол үшін хаттыстың сыртына достарыңның атын жазып, ішіне өздерің қалаған суреттеріңді салып, пошта жәшігіне тастайсыңдар.

Пошташы хаттарды жәшіктен сөмкесіне салып, өз иесіне тарата бастайды. Ойынды әрі қарай өрбітуге болады.

«Сәуле , саған кім хат жазды?» немесе «Ненің суреті, атын ата?» т.б. сұрақтарды қоя отырып, балалардың танымын кеңейтуге болады.

9. «Кітапханашы» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты:Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәнерін дамыту. Кітапты сүйеге баулу, күтіп ұстау ережелер білуге тәрбиелеу.

Шарты: Балалардың бірі кітапханашы апайдың рөлін, ал қалған балалар кітап алушының рөлін сомдайды.

10. «Отбасы» сюжеттік - рөлдік ойыны

Мақсаты:Балаларға «Отбасы»туралы түсінік беріп, ойынды қызықты, ұйымшылдықпен ойнауға үйрету. Олардың үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту.Әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Шарты:Балалар өз қалауларымен рөлдерге бөлініп, ойынды ұйымшылдықпен ойнайды.(атасы, әжесі, апасы, әкесі, немерелері болып бөлінеді)

Дидактикалық ойындар

1.«Кім не істейді?» ойыны

Мақсаты:Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету. Мамандықтардың атауларын бекіту.

Шарты: Тәрбиеші балаларға суреттерді карауды ұсынады.Ол кімдердің суреті, олар қайда кетіп жатқандарын, не жұмыс істейтіндерін айтады.

2. «Кімге не қажет?» ойыны

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Шарты: балалар әр маман иелеріне қажетті құралдарды тауып қоюы қажет. Балалар қызығушылықпен орындайды.

3. «Мамандықтарды ата» ойыны

Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.

Мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.

Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Шарты: сиқырлы қораптағы суреттерді алып, суретте берілген маман иесін танып, атай білу керек.

Көрнекі құралдар: Мамандықтар бейнеленген суреттер.

4. «Ғажайып қоржын» ойыны

Мақсаты: балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру; зейінін тұрақтандыру.

Ойын шарты: бала қоржындағы бір затты алып , ол құрал қай маман иесіне қажетті екенін айтуы қажет.

Қажетті құралдар: Ғажайып қоржын, балалар санына сәйкес, маман иелерінің құралдары.

Қолданылатын құрал - жабдықтар:

1. А4.
2. Түрлі-түсті қағаз.
3. Картон.
4. Ермексаз.
5. Тіс таяқшалары.
6. Түймелер.
7. Жіп.
8. Дән түрлері (шемішке, қарбыз, қауын т/б)
9. Ойыншық ыдыс-аяқтар.
10. Медициналық құралдар.
11. Конструкторлар.
12. Шаштараз бұйымдары.
13. Атрибуттар.
14. Кітаптар.
15. Жемістер.
16. Ракушки.
17. Қарақұмық.
18. Ақ күріш.
19. Вермишель.
20. Рожки.
21. Қайшы.
22. ПВА желімі.
23. Сызғыш.

«Еңбек мәдениетінің негізгі ережелері»

Қайшымен жұмыс істеудің ережесі.

1. Қайшыны сабынан ұсап пайдалан. Қайшы белгілі орнында, қажетті қалыпта сақталатын болсын.
2. Онымен жұмыс істегенде қайшының материалды дұрыс қиюына зер сал.
3. Өтпейтін, қоспа винті тозған қайшымен жұмыс істеме
4. Қайшының ұшын жоғары қаратып ұстама.
5. Қайшының ашасын ашық тастама.
6. Жүріп бара жатып затты қайшымен қима.
7. Қайшымен жұмыс істеп тұрған жолдасыңның жанына барма.
8. Жолдасыңа бергенде қайшының ашасын жауып, сабымен ұсын.
9. Қайшымен қиятын материалды саусақты қайшының жүзіне тимейтіндей етіп, сол қолыңмен ұста.

Желіммен жұмыс істеудің ережесі.

1. Желіммен жұмыс кезінде үстелдің бетіне төсеніш төсе.
2. Желімді аузыңа, көзіңе тигізбе.
3. Желіммен жұмыс соңында қолыңды